

Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 18 ақпандағы N 3-1-227қ "Учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 17 тамыздағы N 23-7-612қ қаулысы. Астана қаласының департаментінде 2005 жылғы 23 тамызда N 407 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 26 маусымдағы N 23-541қ қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007.06.26 N 23-541қ қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу Ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 3-1-1978қ "Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарының кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес, одан әрі мұқтаж азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 18 ақпандағы N 3-1-227қ "Учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы" (Астана қаласының Әділет басқармасында 2002 жылғы 25 наурызда N 182 болып тіркелген, 2002 жылғы 4 мамырда N 58-59 "Астана ақшамы", 2002 жылғы 20 сәуірде N 45 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтағы "салық комитеті," сөздерінен кейін "Әділет департаменті," сөздерімен толықтырылсын;

аталған қаулымен бекітілген учаскелік комиссия туралы Ережесінде:

7-тармақтағы "Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

11-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С. Мұстафинаға жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

*"Астана қаласының Қаржы
департаменті" мемлекеттік*

мекемесінің директоры

Құжаттамалық сараптама

бөлімінің меңгерушісі

*"Астана қаласының Жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
департаменті" мемлекеттік*

мекемесінің директоры

КЕЛІСІЛДІ

*"Астана қаласының Әділет
департаменті" мемлекеттік*

мекемесінің директоры